




«САРА АНА бала-бақшасы» жеке мекемесі

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

«Звёздочка» мектепалды тобы

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар»

Тәрбиеші: Хожайжаханова М.Х

Тексеріеді: згіскер  
Раххарова Ш.Ш. 

2023-2024 оқу жылы

**Тақырып:** «Ұлттық құндылықтар»

**Мақсаты:** Ұлттық құндылықтар туралы мағыналы көлемде түсінік бере отырып, ойын арқылы балалардың ұлттық құндылыққа деген қызығушылығын, сана - сезімін, ынта - жігерін арттыру.

**Корнекіліктер:** Ұлттық құндылықтардың суреттері, ұлттық бұйымдар, ұлттық ыдыстар, тағамдар, аспаптар, киімдер.

**Хор:** Тәуелсіз ел ұланы

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы:

- Балалар бүгін бізге қонақтар келіпті. Қашанда қонағын сыйлайтын халықпыз. Сондықтан бірінші қонақтарымызбен жақсылап амандасып алайық.

- Сәлеметсіздер ме,

**Шаттық шеңбері:**

Ал балалар тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Шаңырақты көтеріп,

Керегені құрайық

Уық болып иіліп, бір отбасы болайық.



Додекаэдр арқалы сабақты бастау

Тәрбиеші: Далаханова Дилфуза

- Балалар бүгін көңіл - күйлерін қалай?

Қазір жылдың қай мезгілі?

Көктем мезгілінде неше ай бар?

Оларды атап шығындар.

Осы кезде топқа өзге ұлт азаматы келеді.

-Саламатсындарма балалар мен шет елден келген саяхатшы боламын. Мен Қазақстан деген елді мекенді көргім келіп, саяхаттан келдім. Қазақхалқының ұлттық құндылықтарымен, тұрмыс тіршілігімен танысқым келеді маған көмектесесіңдер ме?

Тәрбиеші: Хожайжаханова Мавлюда

Сәлеметсіз бе, әрине келіңіз, төрлетіңіз! Біздің қазақ халқы өзінің қонақжайлылығымен ерекшеленеді. Балалар шет елден келген қонағымызға өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды таныстырайық.

Ұлттық құндылықтарға шолу жасау.

-Бір ұлтты екінші ұлттан ерекшелендіріп тұратын ол әр ұлттың ұлттық құндылықтары. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, әдет-ғұрпы, салт-санасы, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық колонері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтарды әр ұлттың ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Сондықтан ұлттық құндылықтар сол ұлттың меншігі болып есептеледі. Оны әр ұлттың ұрпақтары сақтап, заманына қарай дамытып отырулары керек. Егер халық өздерінің ұлттық құндылықтарын жоғалтып алса, ол халық – «ұлт» деп саналмайды. Сондықтан әр ұлт өздерінің ұлттық құндылықтарын сақтауға тырысады, әрі қорғайды.

Қонағымызға, ұлттық ыдыстарды, киімдерді, тағамдарды, ойындарды, бұйымдарды көрсету, түсіндіру. Өзге ұлт өкіліне ұлттық құндылықтарымызды әрі қарай түсіндіру үшін, ұлттық құндылықтар туралы дидактикалық ойындар ойнату.

Ортада дөңгелек үстелдің үстінде шаңырақтың суреті оның ұяқтарында тапсырмалар берілген сол тапсырмаларды кезекпен орындайды.

Дидактикалық ойындар:

1 ойын: (топтык жұмыс)

Қоржын тігу



2«Ұлттық аспаптарда- домбрада мақал-мәтел айтысы»



Шарты: Домбрада айтысу.

3.«Ұлттық тағамдар»

Шарты: казактың ұлттық тағамдарын құрт, баурсак жасауды үйрету.



4ойын: (жеке жұмыс)

1. «Әшекей жасау»

Шарты: казактың ұлттық әшекей бұйымдарын жасауды үйрету.



Сергіту сәті: Ойын: «Ою-өрнек» кубик әдісі арқылы.



Шарты: Кубикте оюлар бейнеленген ,кубикті лақтырғанда түскен ою бойынша балалар секіреді.

1.Ұлттық құндылықтарды топтастыру.

Шарты: Ұлттық құндылықтарды топтастырады және ол туралы айтып береді.Осы ойын арқылы іс-әрекетімізді қортындылаймыз.

Шет елден келген қонағымызға ұлттық тағамымыздан ауыз тиюді ұсынамыз.

Менің кететін уақытым болды, Қазақстан деген керемет жер екен деп алған әсгірімен бөлісіп ,қоштасады.Сау болыңдар!

Атым – қазақ, текті батыр ұланбыз,  
Қалірлейміз қазағымның мұрасын,  
Әдептілік – сұлулық пен теңдессіз,  
Дәріптейміз ата дәстүр бұлағын - деп келген қонақтармен қоштасады.

- Сау болыңыздар!

Сабақты бағалау қағазы

Құрметті сабаққа қатысушы, өзіңіздің сабақ жайлы пікіріңіз

Тема: „Ғылым, ғылымдар“

1. Ұйымдастырылуы жайлы: Сабақ шартіне ұйымдастырылғандықтан балалар белсенді қатысады.

2. Берілген мәліметтер жайлы:

Ғылым, ғылымдар туралы мағлұмат берілгендіктен мүдделі.

3. Өтілетін сабақтардың сапасы:

Тәрбиелі қасиет көрсетілгендіктен мүдделі.  
Балалар қызығушылық танытады.

4. Сіздердің ескертулеріңіз:

Бұл мағлұматтарға оқуға көбірек  
уақыт бөлінген болар.

5. Сіздердің ұсыныстарыңыз:

Ғылым ойын келесі жолы шартіне  
мағлұмат берілген болар.

Аты-жөні: Арипбаева Ақшаран Қолы: Арип

Лист оценки занятия

Уважаемый участник, просим вас оставить свое мнение о занятии.

Тема: "Фитнес-фактор" в фитнес-клубе

1. Об организации:

Занятие было организовано идеально

2. Полезность и доступность предоставленной информации:

Предоставленная информация в виде карточек, научных статей, видео.

3. Качество проведения занятия:


Всю тему провели по стандарту в виде развлечений и научных статей

4. Ваши замечания и комментарии:

Ничего нежелательного

5. Ваши предложения по улучшению:

Было очень интересно как и где нас там и ждет

Ф.И.О: Аздуханова К. Р. Подпись: 



«САРА АНА бала-бақшасы» жеке мекемесі

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

«Болашақ» мектепалды даярлық тобы

**Тақырыбы:** «Тәуелсіз елдің ұланымыз!»

Тәрбиеші: Турсиметова Х

Тексерілді: згіскер  
Қахарова Ш.М. *[Signature]*

2023-2024 оқу жылы

**Тақырыбы:** «Тәуелсіз елдің ұланымыз!»

**Максаты:** Балаларды Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу. Боздақтарға тәу ету. Бүлдіршіндердің тілдік, сөздік қорын байыту. Мақал-мәтел, тақпақтар арқылы ой-өрісін кеңейту, сөздік қорларын молайтып, тілдерінің дамуына ықпал ету.

**Көрнекіліктер:** ҚР Рәміздерінің суреттері, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев суреті Қасым Жомарт Тоқаев суреті, Желтоқсан оқиғасының құрбандары Л.Асанова мен Қ.Рысқұлбековтың суреттері мен арнау жыр-шумақтары.

**Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

**Үйю барысы:** Шеңберге тұрып «Шаттық шеңберін» ұйымдастыру.

Армысың, алтың күн,  
Армысың, жер Ана,  
Армысың, көк аспан,  
Армысыңдар, достарым!

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**

Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметімізді Қазақстан Республикасының гимнен бастайық.

ҚР Гимн орындалады.

**Сұрақ-жауап: Жыл ерекшеліктері:**

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Қыс

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

3 ай бар

-Қыс айларын атайық?

Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан

-Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?

Салқын, боран, аяз

-Үстімізге қандай киім киеміз?

Жылы киім киеміз

-Қандай ойындар ойнаймыз?

Сырғанақ тебеміз, аққала жасаймыз

Жарайсыңдар балалар!

Біз аспаны ашық, сәулелі, кең, байтақ елде тұрамыз. Ол ел –

Қазақстан

**Біздің еліміз қалай аталады?**

-Тәуелсіз Қазақстан Республикасы

-Дұрыс, еліміз, Отанымыз, жеріміз Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталады екен. Біздің тәуелсіздік алғанымызға биыл 32 жыл толып жатыр. Осы 32 жыл ішінде біздің еліміз Қазақстан көптеген жетістіктерге жетті. Күні бүгінде Қазақстан Республикасын бүкіл әлем мойындады. Әр адамның өз Отаны, атажұрты, мекені, қонысы болады екен. Ал, біздің Отанымыз Қазақстан деп аталады екен.

### **Балалар Отан туралы қандай тақпақтар білесіңдер?**

1. Азиза

Он алтыншы желтоқсан,  
Тәуелсіздік алған күн.  
Мерекеге ел тосқан,  
Атам менен барғанмын.

2. Алинур

Аралаймын алаңды  
Тәуелсіздік күні мен  
Батыр Қайрат ағамның  
Суретіне үңілем.

3. Индира

Отан-сенің ата-анаң,  
Отан-досың, бауырың.  
Отан-өлкең, астанаң,  
Отан-аудан, ауылың.

4. Шахзода

Отан дейміз от жаққан жерімізді.  
Отан дейміз өсірген елімізді,  
Отан дейміз туған жер атамекен  
Биік тау, орман, тоғай көлімізді.

**-Елімізді басқарып отырған елбасымыз кім?**

-Қасым Жомарт Тоқаев

-Дұрыс айтасыңдар.

Біздің тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1991 жылы 1 желтоқсанда сайланды.

Желтоқсан айында бірнеше мереке бар. Олардың алғашқысы Президент күні болса, одан кейін тәуелсіздік күні мерекесі екен.

**-Қазақстан Республикасының рәміздеріне не жатады ?**

-Ту, елтаңба, гимн.

-Тудың түсі қандай? Туда ненің белгісі бар?

-Тудың түсі көк, шетінде ою-өрнек, ортасында күн және қыран құс.



-Ел таңбамызда неңің бейнесі бар ?-Елтаңба алтын және көгілдір түсті.  
Әлемнің тұтастығын, ошақтың амандығын білдіреді. Тұлпар биік арманның  
қайраттың нышаны. Жұлдыз – жұлдызымыз жарық болсын дегенді білдіреді.  
Ту, Елтаңба туралы тақпақтарымызды еске түсірейік:

Аспан түстес көгілдір,  
Тік бұрышты матаның.  
Ортасында төгіп нұр,  
Күн жаяды шапағын.  
Астында оның қалқыған,  
Қыран құстың бейнесі.  
Азат елдің шалқыған,  
Көңілі деп білерсің.

Былол:

Алтын қанат көмкерген,  
Шаңырақ бар, уық бар.  
Әсем бейне сен көрген,  
Жай бейне емес ұғып ал.  
Сүйсіндірген өзінді,  
Түсіне біл таңбаны.  
Ауызда ұшқыр төзімді,  
Пырақ халық аманы.



**Отан туралы мақал-мәтелдерді еске түсірейікші.**

Амина:

Отансыз адам-ормансыз бұлбұл.

Ясмينا:

Отан отанда ыстық.

Мусо:

Отанын сатқан онбас.

Алинуур:

Отан-отбасынан басталады.

-Бүгінгі ашық оқу қызметіміз ұнады ма?

-Ия ұнады.

-Рәміздерді еске түсірейік

-Ту, елтаңба, гимн

-Тәуелсіздікке неше жыл толды?

-Тәуелсіздігімізге 32 жыл

Сонымен, біздің бүгінгі ашық оқу қызметіміз аяқталды.

Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!

«Тәуелсіз елдің ұланымыз!» ашық оқу қызметінен көріністер.

Сабақты бағалау қағазы

Құрметті сабаққа қатысушы, өзіңіздің сабақ жайлы пікіріңіз

1. Ұйымдастырылуы жайлы: Тәрбиешінің ұйымдастыру сапа-  
сы өте жақсы

2. Берілген мәліметтер жайлы: Бағалар өз айларын жақсы  
нәтиже білді, тақпақтарын иеленіп алды.

3. Өтілетін сабақтардың сапасы: Сабақтың аяқталу нәтижесі

4. Сіздердің ескертулеріңіз: Бағалардың өз айларын  
жақсы нәтиже білуге үйрету.

5. Сіздердің ұсыныстарыңыз: Бағаларға сәттілік тілей-  
мін, бұданға байқатқандар көріне берсін.

Аты-жөні:

У. Қуамбек

Қолы:



Сабақты бағалау қағазы

Құрметті сабаққа қатысушы, өзіңіздің сабақ жайлы пікіріңіз

1. Ұйымдастырылуы жайлы: Тәрбиешінің ұйымдастырған іс әрекеті керемет.

2. Берілген мәліметтер жайлы: Балалар нақсқа сәтмесе, тақуаңдарын мезгілімен оқып берді.

3. Өтілетін сабақтардың сапасы: Сабақтан сәлем өте нақс. Қорнекіліктер талақ бермеген тақуаңдарға сай.

4. Сіздердің ескертулеріңіз: Балалар су айлақын талақ мезгіле білуге үйрету.

5. Сіздердің ұсыныстарыңыз: Балаларға сәтмелік тілеймін.

Аты-жөні: Абдухамидова К. Колы: 



ЧУ «Детский сад САРА АНА»

Организованная учебная деятельность

Старшая группа «Ласточка»

Тема: «Всемирный день благодарности в Казахстане»

Воспитатели: Нишанова Д

Проверила: *Методист*  
Кахарова И. В. *[Signature]*

2023-2024 оқу жылы



## «Всемирный день благодарности в Казахстане».

**Цель:** -Познакомить детей с новым праздником, появившимся в Казахстане, распространить понятие «день благодарности народам». Создать условия для расширения знаний детей о вежливых словах и научить ими пользоваться в

- Расширить понятие детей о культуре поведения.

-Воспитывать любовь к поэзии, а через поэзию любовь и уважение друг к другу и взрослым людям.

-Воспитывать желание говорить вежливые слова.

### Ход беседы.

**Воспитатель:** - Ребята, послушайте стихотворение И. Токмаковой про одну девочку и помогите придумать ему название:

Маша знала слов немало

Но одно из них пропало

И оно-то, как на грех,

Говорится чаще всех

Это слово ходит следом

За подарком, за обедом,

Это слово, говорят,

Если вас благодарят.

И по целым дням ей мама

Про него твердят упрямо:

Почему такой пустяк

Не запомнишь ты никак?

Но молчит она как рыба

Вместо каждого... (спасибо)

- А у нас есть такие дети? Как можно назвать стихотворение? Нужно ли Машу учить говорить «спасибо»? Какие вы еще знаете вежливые слова? Как можно по-другому их назвать? (нужные, добрые, волшебные...)

**Воспитатель:** - Дети, а какие вы знаете добрые волшебные слова?  
(ответы детей)

**Воспитатель:** - А какой сегодня день недели?

**Воспитатель:** -А какое время года сейчас? А месяц как называется? (ответы детей)

**Воспитатель:** - Сегодня 1 марта – Всемирный день спасибо. 1 марта страна, в которой мы живём, Казахстан отмечает один из самых добрых и светлых праздников. Это праздник дружбы, понимания и согласия - День благодарности. День благодарности в Казахстане отмечают с 2016 года, а именно в первый день весны — 1 марта. Праздник задекларирован указом № 173 (подписан президентом — Нурсултаном Назарбаевым). История государства сформировала множество религиозных направлений, этнических групп. И следует отметить, что большинство изменений и реформ в стране происходили далеко не мирным путём. И народ, и государство прошли через многие испытания.

А сегодня Казахстан — гостеприимная солнечная страна, в которой люди работают и радуются жизни. И 1 марта, в День благодарности люди вспоминают свою историю, возвращаются к истокам традиций и культуры. В этот день в солнечной стране проходят концерты и флешмобы, различные представления и тёплые встречи с ветеранами, благотворительные акции и весёлые забавы, интересные выставки и марафоны. В День благодарности и стар, и млад проявляет уважение к своей стране, к своему народу, к своей семье, к своим товарищам.

- Сегодня один из самых вежливых дней в году, ведь во всем мире отмечают праздник волшебного слова «спасибо».

- Его придумали для того, чтобы напомнить жителям планеты о высокой ценности вежливости, хороших манер и умения благодарить окружающих за добрые поступки..

- Мы с вами тоже каждый день говорим друг другу «спасибо» и дома, и в детском саду, но очень важно помнить о том, что истинная благодарность бывает лишь та, которая идет от чистого сердца, говорить о ней нужно только искренне, без раздражения. Только в этом случае оно сыграет свою «волшебную роль». Слово «спасибо» помогает нам подружиться друг с другом, поднять друг другу настроение.



За словом «спасибо» скрывается чувство благодарности. Это самое лучшее чувство, которое люди могут испытывать по отношению друг к другу. Любовь и благодарность всегда идут рука об руку по жизни. Человек отвечает «пожалуйста» и испытывает ответное чувство благодарности. Слова «спасибо – пожалуйста» создают положительную атмосферу взаимоотношений. Но самое главное среди вежливых слов – это «спасибо».



### *Игра "Доскажи словечко"*

- А сейчас мы поиграем, узнаем у вас, знаете ли вы "Волшебные слова"?  
Растает даже ледяная глыба от слова тёплого ... (Спасибо)  
Зазеленеет даже пень, когда услышит ... (Добрый день)  
Если больше есть не в силах, скажем маме мы .... (Спасибо)  
Мальчик вежливый и развитый говорит, встречаясь ... (Здравствуйте)  
Когда нас бранят за шалости, говорим ... (Простите, пожалуйста)



#### ФИЗКУЛЬТМИНУТКА

Хорошо, что солнце светит!

- Хорошо, что дует ветер!

- Хорошо идти с друзьями!

- Хорошо прижаться к маме!

- Хорошо кружиться в танце!

- Хорошо жить в Казахстане!

- Спасибо. Рахмет. Садитесь на свои места.

**Игра: «Вежливо - невежливо».**

Правила игры: если поступок вежливый - хлопайте в ладоши, если невежливый - топайте ногами.

Примеры поступков:

1. Поздороваться при встрече.

2. Толкнуть и не извиниться.

3. Свистеть, кричать, шуметь в садике.

4. Сказать маме «спасибо» за вкусный обед.

5. Уходя домой, попрощаться.

6. Разбросать игрушки и не убрать.

7. Поделиться игрушками.

(Просмотр видеоролика)



**Воспитатель:** Что, так актуально в празднике, тоже порой служит достойным способом отблагодарить. А давайте, в благодарность сотрудникам детского сада изготовим своими руками оригинальный подарок – «сердце на ладони».  
«Спасибо» можно говорить людям, природе, всем объектам, что вас окружают, и, конечно, родителям – без них бы вас не было на белом свете. Чем чаще говорить это слово, тем больше хорошего происходит в жизни человека. Поблагодарите сегодня всех, кто рядом с вами, кого вы любите и цените.



Веселый праздник - День спасибо!  
Всех благодарностей не счесть,  
От добрых солнечных улыбок  
Забилась в угол зло и месть.  
Спасибо! пусть звучит повсюду,  
На всей Планете добрый знак,  
Спасибо - маленькое чудо,  
Заряд тепла в твоих руках!  
Пронеси, как заклинанье,  
И ты почувствуешь, как вдруг,  
Добра и счастья пожеланье,  
Тебе подарит новый друг!

**Итог:**

- Чему было посвящено наша сегодняшняя беседа?

- Что вы узнали?

- О чём мы говорили?

- А теперь я предлагаю встать всем в круг « Дружба».

«Дружба народов - не просто слова,

Дружба народов навеки жива.

Так пусть же крепнет вовеки веков

Дружба народов всех возрастов».

Хвалю детей за работу на занятии. Говорю, что надо жить дружно. Как гласит одна

казахская пословица: «Сила птицы - в крыльях, а человека - в дружбе».

Сабақты бағалау қағазы

Құрметті сабаққа қатысушы, өзіңіздің сабақ жайлы пікіріңіз

1. Ұйымдастырылуы жайлы: Ұйымдастырылуы жақсы өтті

2. Берілген мәліметтер жайлы: Тәрбиеші балаларға ізгілік мақсалақ талғау, талау сөздер, үлкенде кішідегі алғаш айту туралы көптеген мәліметтер берді

3. Өтілетін сабақтардың сапасы: Сабақтың сапасы өте жақсы, керекті көрсеткіштерде барлығы бар

4. Сіздердің ескертулеріңіз: Сабақтың, яғни ұйымдастырылуы іс-әрекет сапала түрде өткізілетін екеніндей ескертулерді қатет етпеді

5. Сіздердің ұсыныстарыңыз: Әр балаға жеке жеке топтағы жетістігі үшін мектепке керек еді

Аты-жөні: Жамал Р.К.

Қолы: Жамал

Сабақты бағалау қағазы

Құрметті сабаққа қатысушы, өзіңіздің сабақ жайлы пікіріңіз

1. Ұйымдастырылуы жайлы: Сабақ жоспарға сай, тәртіппен өтті.

2. Берілген мәліметтер жайлы: Алғыс айту күні туралы мағлұмат түсінікті, қысқа әрі нағыз берілді.

3. Өтілетін сабақтардың сапасы: Тәрбиеші балалармен жылы қарым-қатынас орнатты, тақырыптың маңызын арқылы түсіндіріп берді.

4. Сіздердің ескертулеріңіз: Кей балаларға сөзбен алғыс айтуға аудан келме қажет болды.

5. Сіздердің ұсыныстарыңыз: Алғыс хат немесе жүрекше аппликация жасау сабағын шыншарлашқандық жұмыс қосуға болады.

Аты-жөні: Абдухалимова К

Қолы: А



«САРА АНА бала-бақшасы» жеке мекемесі

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

«Ханзада» ортаңғы тобы

Тақырыбы: «Достық мерекесі»

Тәрбиеші: Қуатбек Ү

Тексерілді: Әзікер  
Рахқариева Ш.А. *[Signature]*

2023-2024оқу жылы

**Тақырыбы:** Достық мерекесі

**Мақсаты:** Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету.

**Әдіс – тәсілі:** Сұрақ – жауап, түсіндіру, ойын, ән айту.

**Көрнекілігі:** Әр ұлт өкілдерінің суреттері, DVD, теледидар, сурет салу құралдары.

**Мотивациялық қозғаушы:**

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктем мезгілі.

- Дұрыс айтасыңдар, қазір көктем мезгілі, көктем мезгілінде біз қандай мерекелерді тойладық, қане есімізге түсірейікші.

- 8 наурыз аналар мерекесі, 22 наурыз, наурыз мерекесі.

Жарайсыңдар, сендер жақсы біледі екенсіңдер, естеріңе жақсы сақтап қалыпсыңдар. Осы көктем мезгілінің соңғы мамыр айында тойланатын тағы бір мереке бар екен. Ол мереке 1 мамыр Қазақстан Халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні мерекесі.



**Іздену ұйымдастырушы:**

- Балалар біздің ұлтымыз қандай?
- Қазақ, өзбек
- Біз қай тілде сөйлесеміз?
- Қазақ тілінде.

Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Сол сияқты біздің Қазақстанда басқада ұлттар тұрады. Өзбек, орыс,

қыргыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады.



Қане балалар бәріміз экранға қарайық.

1 – слайд: Сурет арқылы әр ұлттардың киімдерімен таныстыру.

Балалар, осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмасада, Қазақтардың елін – елім деп, жерін – жерім деп, құрметтеп, үлкен үлгілі, бақытты, өнегелі отбасы болып өмір сүруде. Әлем халықтарының тату – тәтті бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі. Сол себепті біздің елімізді қадір тұтып, құрметтейді.



2 – слайд: Эхраннын Елбасы құттықтауы мен өткізіліп жатқан шеруді тамашалау. (түсіндірме беру)  
Ертең 1 мамыр мерекесі. Біздің де Жүйнек халқы орталық алаңға осындай салтанатты шеруге шығады. Өр ұлт өкілдері өздерінің ұлттық киімдерін киіп, өнерлерін көрсетеді.  
Балалар, ертең біз мерекеге барғанда қолымызға не ұстап шығуға болады деп ойлайсыңдар?



- Шар, жалауша.
- Дұрыс айтасыңдар, біз мерекеге шар, жалаушалар ұстап шығуымыз керек. Олай болса осы мерекеге арналған шарымыз бен жалаушаларымыздың суретін салайықшы.
- Жалауша қандай пішінге ұқсайды?
- Тікертбұрышқа
- Түсі қандай болады?
- Көк болады.
- Ал шар қандай пішінге ұқсайды?
- Домалақ, сопақша.
- Түстері қандай болады?
- Қызыл, көк, жасыл, т. б

Жарайсындар балалар, жалаушамыздың түсі көк, пішіні тіктөртбұрышты, ал шарларымыздың түстері әр түрлі, пішіндері домалақ, сопақша болады екен. Қане алдарыңдағы қағазға өздеріңе ұнайтын шар мен жалаушаның суретін салайық. (Балалар өз қалаулары бойынша ұнайтын суреттерін салады)

Сергіту сәті: Ортақ мекен жер шары,

Төбемізде бір аспан.

Барлық ұлттың баласы,

Достығымыз жарасқан. (өлеңге сәйкес қимылдар жасайды)

Рефлексивті коррекциялаушы:

Дидактикалық ойын: «Қай ұлттың бас киімі?»

Ойын шарты: Көрсетілген әр ұлт өкілдерінің суреттерінің бас киімін тауып кигізу.

Балалар сендер достық, ынтымақ туралы қандай мақал – мәтелдер білесіңдер?

Ырыс алды – ынтымақ.

Бірлік болмай, тірлік болмас.

Ұрыс, ырысты қашырап

Ынтымақ, халықты асырап.

Балалардан бүгінгі өтілген тақырып бойынша сұрақ – жауап арқылы қорытынды жасау.

Жарайсындар балалар, бүгінгі оқу іс - әрекетіне жақсы қатыстыңдар. Бір

– біріңе деген достықтарың мәңгі болсын, ата – аналарың аман болсын.

Ал мен сендерге ертең 1 мамыр мерекесіне барғанда қолдарыңа ұстап баратын жалауша мен гүл берейін. Ертеңгі мерекеде әдемі болып жүріңдер.

Біздің достығымызды білдіретін «Достықпен» әнін айтайық.

Қүтілетін нәтиже:

Білуі; Балалар 1 мамыр мерекесі Қазақстан Халықтар бірлігі күні екенін біледі.

Меңгеруі: Өз Отанын сүюді, қорғауды, өзге ұлт өкілдерін құрметтеуді үйренеді

Игеруі: Әр ұлттардың киім ерекшеліктерін біледі.

Сабақты бағалау қағазы

Құрметті сабаққа қатысушы, өзіңіздің сабақ жайлы пікіріңіз

1. Ұйымдастырылуы жайлы: Анжыменіңіз ұйымдастыруы,  
құрастыруы өте жақсы.

2. Берілген мәліметтер жайлы: Бағаларға „Достар“  
мерекесі туралы ұзақ уақыт, аларды  
тіл, дікіне туралы білу.

3. Өтілетін сабақтардың сапасы: Сабақ түсінікті,  
құрылым, алатын материалдар өте  
көп.

4. Сіздердің ескертулеріңіз: Сабақта достар  
мерекесіне байланысты дидактикалық  
өліктер айқанда құрылым  
бағалар еді.

5. Сіздердің ұсыныстарыңыз: Бағаларды тіл  
дидактика алатын материалдар  
қалдыру.

Аты-жөні: Абдухалимова К      Қолы: Алға

Сабақты бағалау қағазы

Құрметті сабаққа қатысушы, өзіңіздің сабақ жайлы пікіріңіз

1. Ұйымдастырылуы жайлы: Тәрбиешінің ұйымдастыруына өте қызығамын.

2. Берілген мәліметтер жайлы: Баламызға 1 минут Достық мерекесі туралы түсінік беру. Әр ұлттың кешілерін анықтап білу, оларды білуге ұйырамын.

3. Өтілетін сабақтардың сапасы: Тәрбиешінің өз-өзінің ұстауы өте қызық. Баламыздың қызығушылығын арттырады.

4. Сіздердің ескертулеріңіз: Ұлт өкілдері туралы көрініс берсе, бұданға қызығатын балалар еді.

5. Сіздердің ұсыныстарыңыз: Ұлт өкілдерінің өмірін ұғынса өте қызықты болатын еді.

Аты-жөні: Мұрашметова Д

Қолы:

Мұрашметова Д

«САРА АНА бала-бақшасы» жеке мекемесі



Ұйымдастырылған іс-әрекеті

«Достық» ересек тобы

**Тақырыбы: «Ата Заңым – ардағым!»**

Тәрбиеші: А.Арипбаева

Тексерілгені: Әрісхан  
Наххарова Ш.Ә. *[Signature]*

Жүйнек ауылы

2023-2024 оқу жыл



**Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы:** «Ата Заңым – ардағым!»

**Мақсаты:** Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, ұлтжанды ұрпаққа тәрбиелеу. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу, патриоттық сезімін ояту.

**Көрнекіліктер:** Елбасы Қасым Жомар Тоқаев суреті, мемлекеттік рәміздер, әнұраны слайд.

**Сабақтың әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, өлең, сурет салу, сергіту.

**Блингвальді компонент:** Отан - родина - fatherland, Заң - закон - law.

**Ұйымдастыру кезеңі**

- Балалар бүгінгі көңіл күйлерің қалай? Жақсы Ендеше балалар бір аптада неше күн бар? 7 күн. Біз балабақшаға неше күн келеміз? 5 күн. Ал неше күн демаламыз. Бүгін аптаның қай күні? Жарайсыңдар балалар Ендеше балалар бүгінгі өтетін тақырыбымыз «Ата Заңым- ардағым» жайлы өтеміз. Балалар, біздің жеріміз орман, тау, көліміз өмір сүретін ортамыз бәрімізге ортақ, осыны ешқашан естеріңнен шығармаңдар Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егемен мемлекет. Еліміз тәуелсіздікті 1991 жылы алды. Қазақстан Республикасы Конституциясы – Қазақстанның Ата заңы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданды. Заңға бағыну тәртіпін, ал тәртіп бар жерде тәрбие, тиянақтылық сияқты адамға тән қасиеттер бар. Өз Отанын танып сүйюі, өз елінің алдындағы азаматтық борышын орындауы.

- Балалар қане тапақтарымызға кезек берейік.

Оқила

Отан деген- Атамекен,

Отан деген – туған жер.

Отан-ана,Отан-пана,

Қазақстан- туған ел.



Ясмина

Тәуелсіз азат елім,  
Туып өскен - байтақ жерім.  
Мәңгі жайнап тұра бер,  
Қазақстаным менің!

Мариям

Біз – еліміздің жас өркеніміз,  
Желді керген желкөніміз,  
Желбіретер көкте туын  
Біз - еліміздің ертеңіміз!

Тәрбиеші: Балалар кім көп біледі ойынын ойнайық.

- Балалар, біз қай елде, қандай мемлекетте тұрамыз?
- Қазақстан Республикасында тұрамыз.
- Қазақстан елордасы қай қала?
- Астана
- Елбасымыз кім?
- Қасым Жомарт Тоқаев
- Біз Қазақстан Республикасының рәміздерін білемізбе?
- Иә, олар: Өнұран, Ту, Елтаңба
- Дұрыс балалар. Сендер рәміздер туралы тақпақтар білесіңдерме?

Мадина

Өнұраны елімнің  
Шақырады бірлікке  
Егеменді халқымның  
Болашағыбірлікте  
Умарбек  
Отантуыжелбіреп  
Көзтартады құбыла

Бізқараймызелжіреп  
Туғанжердінтуына  
Ән: Хор Көктудың желбірегені.

Атхамбек  
Кең жазық Отан мекенім,  
Сен де өсіп көктедім  
Сені қорғау парызым  
Мұны біліп өтемін.  
Элбек  
Сәуленді шаш еліңе,  
Нұрынды төк жеріңе.  
Киелі менің Елордам,  
Бақ болып қонған төріме.  
Хор: «Көк тудың желбірегені»

Диана  
Тәуелсіз азат елім  
Туып өскен-байтақ жерім.  
Мәңгіжайнап тура бер  
Қазақстанымменің!

**Қортынды:**

- Ал енді балалар сабағымызды қорыта келе тудың суретін қағаз бетіне сауатты бейнелеп үйренеміз.

Мемлекеттік ту ортасында отыз екі сәуле тараған, күн бейнеленген, күннің астында қалықтаған дала қыраны бар. Ағаш сабына бекітілген тұста ұлттық оюлармен кестеленген. Күн, арай, қыран және ою өрнек алтын түсті ғып бейнелейміз.

Бүгінгі біздің еліміздің Ата заңы – Конституция күнімен барлықтарыңды құттықтаймын! Еліміз тыныш, жұртымыз аман болғай! Көк байрағымыз көгімізде желбірей берсін! Ана тіліміздің мәртебесі көтеріле берсін.

Сабақты бағалау қағазы

Құрметті сабаққа қатысушы, өзіңіздің сабақ жайлы пікіріңіз

1. Ұйымдастырылу жайлы: Сабақ жайлы аманда мақал  
ұйымдастырылған, бірақ кейбір көздерде уақыт  
жетпей қалды.

2. Берілген мәліметтер жайлы: Мәліметтер пайдалы және  
маңызында болды. Дегенмен кейбір ақпараттар  
мне түсіндірілгендіктен, балаларға қайтадан  
қайталан түсіндіру қажет болды.

3. Өтілетін сабақтардың сапасы: Сабақтың маңызы  
жақсы болғанымен, кейбір бөлімдерде балалар

оны қабылдамайтын тәсілдер қалды.

4. Сіздердің ескертулеріңіз: Керікіліктер көбірек қалды.  
мне ұсынылады. Кейбір балалар талсөр-  
маларда талсөр түсінбей қалды.

5. Сіздердің ұсыныстарыңыз: Сабақ барысында интерак-  
тивті ойындар мен практикалық талсөр-  
маларды кеңі қолдануды ұсынамын.

Аты-жөні: Жамап Р.К.

Қолы: Жамап

Сабақты бағалау қағазы

Құрметті сабаққа қатысушы, өзіңіздің сабақ жайлы пікіріңіз

1. Ұйымдастырылуы жайлы: Сәбізбек әнне жана ұйымдастырылуы барлық кезінде реті мен түрлілігі өтті.

2. Берілген мәліметтер жайлы:

Мәліметтер нақты, мәлім және пайдалануға бағда. Сәбізбек барлығында нақты ақпарат берді.

3. Өтілетін сабақтардың сапасы: Ескерту ескертулер тоқ

Барлығы жана өтті (практикалық) жана сағаттар жеткілікті

4. Сіздердің ескертулеріңіз:

Ескертулер тоқ ем практикалық нәтиже бағар еді.

5. Сіздердің ұсыныстарыңыз:

Сабақтарда өзіңіздің нақтылардың функциясы.

Аты-жөні: Коналтайханова М. Қолы: Кат



«САРА АНА бала-бақшасы» жеке мекемесі

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

«Нихол» ортаңғы тобы

**Тақырыбы: «Ұлы жеңіс жасасын»**

Тәрбиеші: Вапаева Г

Тексеріші: Әбісқар  
Нахтарова Ш. Ә. *[Signature]*

2023-2024 оқу жылы

**Тақырыбы: «Ұлы жеңіс - жасасын!»**

**Мақсаты:** Балаларға адамгершілікке, отанын сүюге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды **Ұлы Отан соғысы**мен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой - өрісін дамыту. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Ұлы Отан соғысы туралы кітаптар, гүлдер, шарлар, батырлардың суреттері, Ұлы Отан соғыс кезіндегі техникалар.

Әтілу барысы: Топ ішін безендіру. Музыка ойнап тұрады.

«Әнұран»

Тарих кеші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескермейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бәрі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес. Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941 жылы маусымның 22 - де болған еді. Бірақ сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9 - мамырда бұға Ұлы Жеңіспен аяқталды. Міне, содан бері 67 жыл мерзім уақыт өтті. Биыл Ұлы Жеңістің 67 жылдығы.

Үнтаспадан тыңдау: Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! 1941 жылы 22 - маусымда таң шапағы жаңа ғана арайланып келе жатқан кезде елімізге қауіп төнді. Халқымыз адам айтқысыз қиын - қыстау кезеңге душар болды. Фашистік Германия елімізге опасыздықпен басып кірді.

Тәрбиеші: Соғыстың алғашқы күндерінен бастап - ақ Кеңес халқы жан тәнімен Отанын қорғады. Әрбір ауыл, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Қанішер неміс басқыншыларымен Кеңес азаматтары аянбай шайқасты.

1 бала: Соғыс жалмап аға - іні бауырды,

Зар жылатты тыныш жатқан ауылды.

Жалғзынан айырыпты ананы,

Әкесінен айырыпты баланы.



Тәрбиеші: Осы соғыста Кеңес одағының басқа республикаларымен бірге

біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты. Даңқты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында 1 млн 870 мың қазақстандықтар болған.

Ат ауыздығымен су ішкен, ер етегімен су кешкен сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Шығыс жұлдыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты.

- Иә, кеудесін оққа төсеген қазақтың қарапайым қызы Мәншүк қас дұшпанынан елін қорғаған еді.

Момышұлы Бауыржан (1910 - 1982) – скінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Туған жері - Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені.

Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады.

Тәрбиеші: Батырлар туралы тақпақтарды кім біледі?



Атабек:

Әлияны бұл күнде  
Барлық бала біледі  
Әлия атты көңілде  
Әпкеміз деп жүреді.  
Аты аңыз, жыр қылып,  
Елдің батыр түлегі.  
Әр жүректе тұр күліп,  
Әлия атты батыр қыз.  
Умар:  
Мәншүк апай батыр қыз

Ардақтаймыз атын біз!  
Ұқсап Мәңшүк апайға  
Өсіп келе жатырмыз!

Руфат:  
Қайтпаған жауыннан  
Қаһарман Бауыржан  
Қан ішер фашисті  
Қырды ол мыңдаған.  
Ерлігі әрқашан  
Есімде сақталады  
Ұрпағы ұмытпайды.  
Өмірінен үлгі алады.

- Иә, сұрапыл соғыс ешкімді аямады. Ана жарынан айырылды, бала әкесінен айырылды. Бірақ үміт оты еш өшкен жоқ. Бала әкесін күте берді, күте берді.



Онажан:  
Жеңіс келді далама,  
Жеңіс келді қалама,  
Жеңіс келді әке боп

Елдегі көп балаға.

Дүние жүзі халқы бостандық алды. Халық Отан ұғымын терең сезіне түсті.  
Қаһарман ерлік пен еңбек жеңіп шықты. Зұлымдық, басқыншылық тізе  
бүкті. Бірлік, ерлік, халықтар достығы нығая түсті.

Тәрбиеші:

Арылтып жаудан жерінді  
Табанға жанып өлімді  
Жеңіспен желпіп өмірді  
Оралды ерлер көңілді  
Десеңдер бұл қай күні  
Тоғызыншы мамыр күні!

- Балалар, жеңіс туралы тақпақтар айтайық.

Азиза:

Жеңіс келді ән болып,  
Келді ауылға сән көрік  
Жеңіс келді алақай,  
Ұмытылмас мәңгілік.

Муслима:

Жүйрік озар әйгілі  
Күні бүгін бәйгең  
Ура, Ура балалар!  
Тоғызыншы май бүгін.

Ұлы Отан соғысына қатысқан: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Маметова,  
Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов т. б. өз  
жерлеріміз: Тулақбаев Арон ата, Аяпбергенов Қамеш ата.....

Ол кісілерге құрметпен бас иеміз. Ал осы бейбіт өмірге жете алмаған,  
ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас иіп, еске  
алайық. 1 минут еске алу. (әуен ойнайды.)

Тәрбиеші: Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын,  
жеріміздің тұтастығын қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің  
жарқын болашағын, жас ұрпақтың өмірін, халықтың бақыты мен  
қуанышын сақтап қалды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге  
жеттік. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп, мектепте алаңсыз білім  
алып жатқанымыз, шаттана күлгеніміз, жайрандап күлгеніміз - бәрі де сол  
Ұлы Отан соғысы Жеңісінің жемісі. Әрине, соғыс болмасын! Біздер  
соғысқа қатысып батыр болмайық. Біз бейбіт күннің батырлары болуға  
тырысайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім алып, өз жеріміздің  
патриоттары болуға мүмкіндіктер бар.

Тәрбиеші: Балалар, біздің шекараны кім қорғайды? (солдаттар)

Хурсанд:

Шекарада солдат тұр.  
Ел бақытын қорғап тұр.



Көңілденсін ағалар,  
Амандық хат жолдап тұр.  
Ән: «Атамекен»  
Тәрбиеші: осымен жеңіс күнініс арналған сабағымыз аяқталды.

Сабақты бағалау қағазы

Құрметті сабаққа қатысушы, өзіңіздің сабақ жайлы пікіріңіз

1. Ұйымдастырылуы жайлы: Штаттармен әдемі таңдалған

2. Берілген мәліметтер жайлы: “Ұлы жетіс жасамен” тақырып-  
бықа сай жетістік оқиғі келтіріледігін айтып  
өтті, ата-бабаларымыздың қаншалық еңбек  
еткені айтылады

3. Өтілетін сабақтардың сапасы: Сабақ жақсы өтіледі,  
көркемдіктері бар, балаларға сабақ  
қызықты болды.

4. Сіздердің ескертулеріңіз: Сабақ бұданға көбірек  
көркемдіктер пайдалануға болар еді

5. Сіздердің ұсыныстарыңыз: Сабақ барынша жақсы  
жоспарланған

Аты-жөні: Ғұрбан Қыям

Қолы:



Сабақты бағалау қағазы

Құрметті сабаққа қатысушы, өзіңіздің сабақ жайлы пікіріңіз

1. Ұйымдастырылуы жайлы: жұзбесінші сабақтың  
тәртібін әрқашан сақтаймын.
2. Берілген мәліметтер жайлы: "Ұлы жеңіс жасалды"  
дейтін баянмен бірге ата-бабаларымызды  
еске алатын күн деп шындығы түсіндіріп өтті.
3. Өгілетін сабақтардың сапасы: жақсы өтті  
көрнекіліктері өз нәтижесіне сай  
жасалды. Баянмен сабақты ұсына  
білгені.
4. Сіздердің ескертулеріңіз: \_\_\_\_\_  
Баянмен сабақ таңдауға.  
Қызығушылық білдіретін дұрыс  
көбіне оған түрінде аяса баяндады.
5. Сіздердің ұсыныстарыңыз: \_\_\_\_\_  
Сабақ барысы жақсы.  
нәтижесі жақсы.

Аты-жөні:

Қарнайсаханова

Қолы:

